

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(8) қазан-желтоқсан 2016
ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ
**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ
журнал**

2016, № 4(8)

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

2016, № 4(8)

Құрылтайшы:

Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбаев, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Төленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,
Шевченко көшесі, 28,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz»
электрондық ғылыми журналының редакциясы
Телефон: +7(727)272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде
міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolnova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,

28 Shevchenko Str.

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,

«Edu.e-history.kz»

Editorial electronic scientific journal

Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the
Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, r
egistration certificate:

No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ӘӘЖ 913.1: 94"04/15"

ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫ МЕКЕН ЕТКЕН ТЕРРИТОРИЯНЫҢ ТАБИҒИ ЛАНДШАФТЫ (VI-X ҒҒ.)

Искакова Ғ.З., Байдавлетова М.Д.

Аңдатпа. Мақалада Еуразия даласында VI-X ғасырлар арасында Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты т.б мемлекеттер өмір сүрген кеңістікте қалыптасқан табиғи ландшафт ерекшеліктеріне талдау жасалынған. Сонымен қатар қарастырып отырған территорияның табиғат жағдайының адам өміріне қолайлылық дәрежесі сипатталған.

Түркі жазба ескерткештерінде және қытай жазба деректерінде түркі тайпалары мен олар мекен еткен аймақ пен климат өзгешелі туралы көптеп мәлімет кездеседі. Бұнда кездесетін ақпарат мақалада жан-жақты талданып, қазіргі кездегі географиялық объектілермен сәйкестендіріліп қарастырылған.

Түйін сөздер: Еуразия, ландшафт, табиғат, түркілер, климат, деректер

ПРИРОДНЫЙ ЛАНДШАФТ ТЕРРИТОРИИ НАСЕЛЕННЫЙ ТЮРКСКИМИ ПЛЕМЕНАМИ (VI-X ВВ.)

Искакова Ғ.З., Байдавлетова М.Д.

Аннотация. В данной статье дается анализ особенностям природного ландшафта территории на которой в VI-X века существовали такие государства как Западно Тюркский каганат, Тюркешский каганат, Карлукский каганат и тд. Так же, описывается уровень благоприятности природных условий для существования человека.

В тюркских письменных памятниках и в китайских письменных источниках содержится множество информации об особенностях природных условий и климате в зоне населенной тюркскими племенами. Данная информация все сторонне проанализирована и найдено соответствие с современными географическими объектами

Ключевые слова: Евразия, ландшафт, природа, тюрки, климат, источники.

THE NATURAL LANDSCAPE OF THE TERRITORY INHABITED BY TURKIC TRIBES (VI-X CENTURIES.)

Iskakova G.Z., Baydavletova M.D.

Abstract. This article analyzes the features of the natural landscape in the territory on which the VI-X century there were countries such as the Western Turk khanate, Turgesh khanate, Karluk khanate and so on. More over described the level of favorable natural conditions for human existence.

The Turkic written monuments and Chinese written sources contain a lot of information about the features of the natural environment and climate in the area inhabited by Turkic tribes. This information all parties analyzed and found to comply with modern geographic features

Keywords: Eurasia, landscape, nature, Turks, climate, sources.

Еуразия даласында VI-X ғасырлар арасында өмір сүрген Түрік қағанаты, Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты т.б мемлекеттер мен олардың негізін құраған тайпалар континенттің дәл ортасындағы кеңістікті иеленіп отырды. Түрік қағанаты (552-603) қазіргі Орталық Азия мен Оңтүстік Сібір жерінде орналасты. Қытай деректеріне сәйкес бұл мемлекет территориясы шығысында Корей бұғазынан батысында Батыс теңізіне (Каспий) дейін он мың ли, оңтүстікте Песчанная даласынан (Алашань немесе Гоби шөлі) солтүстікте Солтүстік теңізіне дейін (Байкал теңізі) бестен алты мың лиға дейінгі жерді алып жатқан [1, 120-с.]. Батыс Түрік қағанаты Орта Азияда Жоңғария, Шығыс Түркістан жерін иеленді. Алтай тауынан Тянь-Шань тауына, Баркөлден Арал теңізіне дейінгі территориядағы Он оқ тайпасын Түргештер түгел биледі [2, 139-б.]. Ал Қарлұқ конфедерациясы Жетісу территориясының басым бөлігінде және Қашқарияда Сырдарияның ортаңғы ағысына дейінгі және Ферғанаға дейінгі аймақта қалыптасты. Сондықтан шамамен біз қарастыратын кеңістік Каспий теңізінен Байкал көліне дейінгі Оңтүстік Сібірден Сырдарияның төменгі ағысына дейінгі территория болып табылады.

Батысында Византия мен Парсы мемлекетінен шығысында Қытай мемлекетіне дейінгі территорияда біздің зерттеулерімізге сәйкес қарастырып отырған уақыт аралығында көшпелілер құрған мемлекеттер орын алды. Бұл кеңістіктің географиялық сипатының өзіне тән ерекшеліктері ол мемлекеттер мен оны құраған халықтардың қалыптасуларының, дамуының ерекшеліктеріне, миграциялық жиілігіне т.б. өз ықпалын тигізді.

Ішкі Азия мен Қытайдың өзара шектескен аймақтарын Моңғолия, Солтүстік Қытай, Манжурия және Түркістан деп негізгі төрт экологиялық және мәдени зоналарға бөлуге болады. Моңғолия жазық және тау баурайында мал өсірген көшпенділердің отаны болды. Көшпенділер мезгілімен көшіп жүретін, ауқымды экономикалы, халқы шашырап орналасқан. Ол халқы суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарына тығыз қоныстанған, орталықтанған бюрократиялық аппаратқа бағынатын қоғамға негізделген қытайлықтарға барлық жағынан қарама-қайшы болды. Бұл екі қоғамның арасындағы алшақтық және географиялық жағдайға байланысты олардың арасындағы шекара Цинь династиясынан бастап салына бастаған, Қытай мен көшпенділер әлемін бөліп тұрған Қытай ұлы қорғанының бойымен өтті. Қытай мен Моңғол бөлек категорияларға оңай бөлінеді, ал олардың шығысқа және батысқа қарайғы географиялық аймақтары неғұрлым күрделі болып келеді. Сонымен қатар, Манжурия мен Түркістанның халқы көшпенді және отырықшы болып аралас қоныстанған кейбір экологиялық зоналарды өзіне кіргізді.

Бүгінгі Моңғолия 2700 000 км² ауданы бар Еуразияның орталық бөлігінде орналасқан аймақ. Оның ауа райы континентті, қысы өте суық, жазы ыстық жауын-шашыны аз болады. Моңғолия негізінен далалық жерді, яғни ұлы Еуразия даласының шығыс бөлігін қамтиды. Сонымен қатар, жасыл жазықтар, таумен ұласқан орманға бай. Тау көлемі шығыстағы Манжурия шекарасынан Қара теңізге және батыстағы Венгрия жазықтықтарына дейін созылған. Моңғол үстірті оның батыс бөлігінде орналасқан және теңіздің деңгейінде орналасқан түрік даласына қарағанда үлкен биіктікте, және оның биіктігі теңіз деңгейінен 1500 м.

Гоби шөлі Моңғолияның 2/3 бөлігін алады. Көптеген географтардың пікірі бойынша Гоби негізінен шөл дала емес, құрғақ жазық далаға жатады. Солтүстік және оңтүстік өріс зоналарына ажыратылған, оларды Қытайға географиялық жақын орналасуына байланысты Сыртқы және Ішкі Моңғолия деп атайды. Гоби орталық бөліктің құрғақ аймағына жататындықтан малы мен халқы өте аз, көшпелі моңғол халқының көптеп шоғырланған аймағы Моңғол үстіртіндегі отырықшылық аймағы. Мұндағы ең жайлы деген өрісті аймақ солтүстікте өзен жағалауларында, яғни Байкал (Байкөл) көліне құйылатын Амур өзенінің ағысы мен Алтай тауының қыратты аймақтары. Қытай даласымен шекаралас, әсіресе Ордос, Жэхэ және Батыс Моңғолия көшпенділердің көп шоғырланған аймақтары, алайда қазір Қытай елі оларды біраз ығыстырған.

Түркістан құрғақ аймаққа жатады, шөл далалардан, оазистерден, Ганьсуй қақпасы мен Арал теңізіне дейін созылған құрғақ жазық далалардан тұрады және оңтүстігінде Тибет, Памир, Гиндукуш тауларымен, солтүстігінде Тянь-Шань тауы мен ұлы Еуразия даласымен шектеледі.

Түркістанның шығыс шекарасы Моңғолиядан анық бөлінбеген, себебі Моңғол қыраттары біртіндеп Түркістанның құрғақ даласына ұласқан. Бұл құрғақтықтан тіпті кейбір жерлер көшпелі малшаруашылығына жарамсыз болып келеді. Түркістан бір-бірінен Памир тауы арқылы бөлініп батыс және шығыс аймақтарына бөлінеді. Шығыс Түркістанда халық Тарым және оазистерде шоғырланған. Әр оазис ауыл шаруашылығына қажет су көзін тау өзендерінен алады. Батыс Түркістан Амудария мен Сырдария (Окс мен Яксарт дейді) ағыстары аралықтарын қамтиды. Бұл аймақ Трансоксания деген атауға ие. Бұл өзендердің деңгейі Шығыс Түркістанда ағатын өзендердің деңгейінен жоғары, сол себепті климаты да шығыспен салыстырғанда жұмсақ. Сәйкесінше, батыста халық шығыспен салыстырғанда тығыз шоғырланған және Бұхара мен Самарқанд сияқты ірі қалалар бар. Территориясы бойынша үлкен, халық саны бойынша аздау келетін Түркістан Азияның батысы мен шығыс бөлігін сауда жолдары арқылы жалғайды. Бұл жолдар арқылы түрлі сападағы және бағадағы тауарлар ғасырлар бойы тасымалданған [3, 26-29-с.].

Жетісу. Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ қағанаттарының оңтүстік-шығыс бөлігі солтүстігінде Балқаш, Сасыкөл және Алакөл көлдері, оңтүстік-шығысында Жоңғар Алатауы жотасы, оңтүстігінде Солтүстік Тянь-Шань жоталары. Жетісудың атауы аймақтағы негізгі жеті көлмен байланыстырылады: Іле, Қаратал, Биен, Ақсу, Лепсі, Басқан, Сарқанд. Тарихи әдебиетте Жетісуға оның батысында орналасқан аймақтар қатысты қарастырылады. Жетісу негізінен Қазақстан территориясының оңтүстік-шығысын алып отыр. Жетісудың жалпы аумағы 250 мың км².

Геоморфологиялық тұрғыдан алғанда Жетісудың негізгі территориясын Солтүстік Тянь-Шань таулары алып жатыр. Қазақстанның оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында Тянь-Шань жүйесіне жататын көп жылдық қар мен мұздықтар басқан аса ірі тау жоталары жатыр. Оңтүстіктен шығысқа қарай ендік бойымен Теріскей, Күнгеі және Іле Алатауы жоталарымен, Кетмен (Ұзынқар) жотасы, Торайғыр, Боғыту таулар жүйесінен тұрады. Іле аңғары жоталарды Жоңғар Алатауынан бөліп тұр. Ең жоғарғы нүктелер Теріскей-Алатауында. Батысқа қарай Шу мен Іле аймағындағы таулар сипатты таулар аласалап, аласа таулы-ұсақ шоқылы рельефке ауысады.

Тау жоталары өзара тау аралық аңғаралармен бөлінген олар: Текес, Кеген, Жалаңаш, Қуғалы, Іле (ішінде ең ірісі). Іле Алатауы мен Жоңғар Алатауы, Балқаш көлі арасында ірі Оңтүстік Балқаш және Алакөл шұңғымалары, олардың беткі жағында кең ауқымды құмды шөлдер орналасқан [4, 13- с.].

Іле Алатауы Солтүстік Тянь-Шанның ірі, әрі биік тау жотасы (ең биік жері Талғар шыңы). Іле Алатауы сейсмика өңір және мұнда ірі мұздану ошақтары өте көп (393 мұздық). Шығысында Шарын шатқалымен шектеліп, батысында Кіндік тас тауына ұласады да, одан солтүстік-батыста аласа таулы төбешікті Шу-Іле таулары жалғасады.

Жетісу (Жоңғар Алатауы) Алатауының ұзындығы 450 км, ені 100-250 км. Көксу аңғары тау жүйесін екі жотаға (Солтүстік және Оңтүстік Жетісу жоталары) бөледі. Солтүстік Жетісу жотасының орталық бөлігінде бүкіл тау жүйесінің ең биік жері – Бесбақан шыңы (4465 м) бар. Тау батысқа қарай біртіндеп аласарып, Баянжүрек, Қойтас т.б. жоталарға тарамдалып кетеді. Оңтүстік Жетісу жотасы негізінен ірі Токсанбай, Мұзтау, Бежінтау, Тышқантау жоталарынан құралады. Жетісу Алатауының басты ерекшеліктері – бұнда терең аңғарлар мен шатқалдар көп. Жетісу Алатауы оңтүстігінде Іле ойысымен шектеседі [5, 13- б.].

Шу мен Іле өзендерінің суайырығы бойынша солтүстік-батыс бағытында жоталар жүйесі орын алған, олар Шу-Іле таулары ортақ атымен бірігеді.

Мұндағы неғұрлым биік таулар Аңырақай (1183 м), Құлжабасы (1178 м) және Хантау (1024 м). Бұл аймақ күрделі геологиялық, геоморфологиялық және неотектоникалық құрылыммен ерекшеленеді. Қарастырылып отырған аймақтың денудациялық рельефті болып келеді. Яғни Балқаш көлінен Шу-Іле таулары және одан батыс бағыттағы территория.

Аймақтың гидрожүйесі негізгі екі су аймақтарымен байланыстырылады, олар – Шу мен Іле

өзендері. Шу өзенінің алқабы талданып отырған аймаққа тек орта ағысының бір бөлігі ғана кіреді. Шу-Іле аймағының гидрографиялық жүйесі жақсы дамыған. Алайда су ағыны аз. Су ағыны мол есептелетін өзендер Копа, Ашысу, Жынғылды, Шокпар, Ашыбұлақ және Қопалы [6, 10-с.]. Аталған аймақ климаты құрғақ және континенталды [7, 50- с.]. Іле өзенінің алқабы Қараой мен Итжон платоларын кесіп, тереңдігі 200 м каньон жасайды. Іле өзені үш арнаға (Жиделі, Іле, Топар) бөлінеді және дельта территориясының 30% алатын бөгеттер су ағысын баяулатады.

Жетісу – салыстырмалы үлкен емес кеңістікте көптеген ландшафты белдеулер орын алған: биік таулы ландшафтар орманды ұсақ шоқылармен, одан төмен орман алды жазықтықпен алмасып, ары қарай құмды Балқаш маңы шөліне ұласады. Шөлдер аймақтың 57,3%, тау етегіндегі ландшафт аймақтың 16%-ын құрайды. Жалпы алғанда Жетісудың табиғи-климаттық жағдайы өмір сүруге қолайлы аймақтардың бірі. Мұнда мал шаруашылығымен қоса егіншілікпен айналасуға қолайлы орта қалыптасқан.

Оңтүстік аймақ. Қазіргі Қазақстан территориясы Арал теңізінен Балқаш көліне дейінгі кеңістікті алып отыр. Осы аймақтың табиғи шекаралары батысында Арал теңізімен, солтүстігінде Бетбақдала шөлдерімен, шығысында Балқаш көлімен сипатталады. Аймақтың маңызды элементтері ретінде Арал теңізі мен Арал маңындағы Қарақұмдар, Сырдария өзенінің алқабы, Қызылқұм шөлдері. Сырдарияның оң жағалауында орналасқан Қаратау таулары солтүстіктегі субтропиктердің табиғи шекарасы. Аймақ территориясы арқылы Сырдариядан басқа Шу мен Талас өзендері өтеді. Оңтүстік Қазақстан территориясының жалпы көлемі 465 мың км².

Тянь-Шань тауларының ең солтүстік-батыс бөлігі Қаратау жотасы. Қаратау жотасы Тұран плитасы жазықтығымен бірігеді. Қаратау жотасы аласа тауларға жатқызылады (1000-2000 м). Қаратау жотасы келесідей бірнеше морфоқұрылымдық элементтерге бөлінеді: Үлкен және Кіші Қаратау, Боралдай жотасы және Билікөл ойпаты. Қаратау жотасының солтүстік-шығыс бөктерінде төмендегідей көл котловиналары орналасқан: Билікөл, Ақкөл, Ашыкөл, Тұзкөл, Соркөл (Шоркөл) және Қызылкөл.

Қаратау жотасы, Қазақ ұсақ шоқысы, Тянь-Шань тау сілемдерінің арасында ұзындығы 600 км Шу-Сырысу ойпаты орналасқан.

Арал теңізінен шығыста және оңтүстік-шығысқа Сырдарияның ойпатының аккумулятивті жазықтықтары орналасқан. Аралдың солтүстігінде геоморфологиялық тұрғыда Шағрай еңіс платосы, Ырғыз-Шалқар жазықтығы, Үлкен және Кіші Борсық құмды массивтері және Арал маңы Қарақұмы.

Үлкен Борсық шөлінің ұзындығы 200 км және ені 10-30 км, Арал теңізіне бағыттала ені 60 км-ге жетеді. Кіші Борсық 100 км қашықтықты қамтып, ені 10-40 км құрайды. Арал маңындағы құрылымдық-денудациялық жазықтықты құмды массивті Арал маңы Қарақұмдары алып отыр [4, 9- с.].

Шу алқабында жайылымдарға, жабайы аң-құсқа бай, климаты жайлы аймақ болғандықтан ерте кезден көшпелілердің қоныстарына айналған жер.

Талас ұзындығы жағынан Шу мен Сырдария өзендерінен кем, алайда Қырғыз жотасынан шыққан жерде көптеген бағыттардан тұратын дельтаны құрайды. Бұл Талас өлкесінің бұл бөлігі археологиялық және тарихи ескерткіштерге бай. Оңтүстік Қазақстан территориясы барлық ландшафт және климаттық зона орын алған: құмды шөлдерден далаға, мәңгі мұздықтарға дейін. Шөл дала аймақтың 83%-ын құрайды.

Оңтүстік қыста қары аз, өзен бойында шөбі қалың шығатын неғұрлым жылы аймақ. Бұндағы Сырдария мен Шу өзендерінің жағалаулары ерте кезден көшпелілер қыстауы болса, Сырдария өзенінің аллювиалды жазықтықтары мен террасасы егіншілік зонасы болып келді.

Біз қарастырып отырған территорияда пайда болған топонимдер туралы айтар болсақ, қытай деректерінде кездесетін ортағасырлардағы Орталық Азия территориясындағы топонимдерге сипаттамалар көптеп беріледі. «Да Тан Сиюй цзи» («Ұлы Таң әулеті заманындағы Батыс өлке туралы жазбалар») еңбегінің авторы Сюань Цзан, Мұзтау мен Тұнық көл, Үлкен құм, Темір қақпа

сияқты топонимдер аталып өтеді, соларға талдау жасауды жөн көрдік: «Балука елінен солтүстік батысқа қарай 300 лиден астам жол жүріп, тастанты шөлден өтіп, Мұзтауға жеттік. Бұл Памирдің солтүстік сілемі, ондағы өзен-сулардың дені шығысқа қарай ағады. Мұндағы тау аңғарлары жыл бойы қар жамылып, көктем мен жазда да мұз құрсанып жатады, әредік уақытша ерігенімен, көп өтпей бәрібір қайтадан жылдам мұз болып қатып қалады. Өткел жолдары тым қатерлі, қат-қабат кедергілері мол, боранды, аязы ызғарлы, “үрейлі айдаһар” деп аталатын қар көшкіні апаты жолшыбай жүргіншілерге көп қатер тудырады. Бұл жолдан жүрушілер үстеріне қызыл түсті киім киюіне немесе қолына қабақ алып жүруіне, дауыстап айғайлауына болмайды, одан сәл жаза басса болғаны әп-сәтте-ақ ғаламат апат туады, құм мен ұсақ қиыршық тасты құйындатар сұрапыл алай-дүлей боран тұрады. Оған душар болғандар сөзсіз мерт болады, тірі қалуы неғайбыл.

Мұзтауды көктей өтіп, 400 лиден астам жол жүріп, Тұнықкөлге (Көгілдір көл) жеттік. Көлдің өзгеше атаулары – Жэхай (Ыстықкөл), Сяньхай (Тұздықөл). Оның айналасы мың лиден асады, көл айдынының шығысы мен батыс ені кең, ал түстігі мен терістігі тарлау. Көлдің төрт төңірегін таулар қоршаған, күллі өзен-сулар тоғысып, осында келіп құяды. Көл суы қара көгілдір түсті, дәмі ащы да, тұзды. Буырқанған асау толқыны түйдек-түйдегімен көл жағасын соққылайды. Көлде балықтар мен айдаһарлар бірге тіршілік етеді, су бетінен кейде аруақтар да көрінеді-мыс, сол кезде жолай өткен жолаушылар табынып, құлшылық етіп, олардан бақ-дәулет тілейді екен. Көлде сан алуан су өнімдері болса да, бірақ онда ешкім аушылық жасамайды [8, 22-23-б.].

Мұндағы Мұзтауды кейбір зерттеушілер қазіргі ШҰАР жеріндегі Ақсу аймағынан Іле аңғарына асып түсетін Тянь-Шань тауындағы ең қатерлі Мұзарт (кейде Мұзұр дауан деп аталады) асуы деп есептейді. Ал шындығында көпшілік ғалымдар зерттеп мойындағандай, ол Ақсудың батысында, оңтүстік Тянь-Шань тауындағы қазіргі қытай-қырғыз шекарасын бөліп жатқан Беделі (Бодалин) асуы [8, 34- б.]. Бодалин туралы Ду Хуан «Ду Хуань Си син цзи» («Ду Хуанының Батысқа саяхат естеліктері») кітабында былай деген болатын: «Аньсиден батыс солтүстікке қарай мың лиден астам жерде Бодалин тауы деп аталатын асқар тау бар. Осы таудың түстік жағы Ұлы Таң патшалығының солтүстік жақ шекарасымен шектесіп жатады. Ал таудың терістік жағы Түркеш жерінің түстік жақ шекарасы болып келеді. Оңтүстік жақтағы Цинлин жоталарына дейінгі жол екі мың лиден асады. Таудың түнгей бетінен бастау алған өзен-дариялар дерліктей Чжунго жерін басып өтіп шығыс теңізге барып құяды. Тау теріскейінен бастау алған өзендер мен дариялар Ғулардың жерін басып ағып Солтүстік теңізге барып құяды».

Бодалин тауы – кезінде шамасы Тянь-Шань тау сілемдері жоталарының бірін ғана білдірсе керек. Осы тұрғыдан қарағанда, бұл тауларды Чжан Силан мырзаның Беделі тауы (Bedal) деген пікірін құптауға болады. Бұл пікірді ұсынушылардың бірі француз ғалымы Эдвард Чаваннез болды. Сол сияқты Солтүстік Теңіз (қытайша Бэйхай). Қытайдың көне ресми тарихи жазба деректемелерінде Бэйхай деп көбінесе Байқал немесе Балқаш меңзеледі, ал бұл жерде Бэйхай деп Арал теңізін атап отыр [8, 41-44- б.].

Ал Тынықкөл, Көгілдір көл деп бұл арада Сюань Цзан қазіргі Қырғызстандағы Ыстықкөлді айтып отыр. Көне түріктер бұл көлді айтып отыр. Көне түріктер бұл көлді Ыстықкөл, суының тұздылығына байланысты Тұзкөл, қайраңында көл түбінен шайылып шығып жатқан темір рудасына қарай Теміртінор деп те атаған.

Үлкен құм. Осы жерден солтүстік-батысқа қарай жол тартқанда су да жоқ, өсімдік те жоқ үлкен құм кездеседі. Ол өзі шекарасын болжап болмас, жолсыз, соқпақсыз ұлан-ғайыр меңіреу тұз, тек алыстағы асқар тауларға қарап, жапан далада қурап жатқан жиһанкездердің мүрделеріне қарап қана бағыт-бағдар ажыратып, жол табуға болады. Бұдан әрі 500-ден астам ли жол жүріп Самарқанд еліне жетуге болады [8, 27- б.].

Темір қақпа. Темір қақпаның екі жағы бірдей құлама беткейлі биік тау, тау аңғарында кішігірім соқпақтар болғанымен, бірақ онымен жол жүру қиын да қатерлі. Тар соқпақтардың екі жағы құлама жартастар, олар темір түстес болып келеді. Тау сағасына үлкен қақпа орнатылып, ол темірмен бекемделген. Үлкен қақпаның басына көптеген темір қоңыраулар ілінген, қақпа енселі

әрі бекем болғандықтан Темір қақпа деп аталып кеткен [8, 30- б.].

Темір қақпа – қытай, араб, парсы және батыс деректемелерінде ол туралы деректер көп Батыс Түрік қағанатының шекарасы, орны – Өзбекстанның оңтүстігіндегі Дербенттендің батысына қарай 13 км жерде [8, 38- б.].

Түркі ескерткіштері мысалы ретінде, екінші түркі қағанаты кезіндегі Күлтегін, Білге қаған, Тонүкөк, Онгин ескерткіштеріндегі топонимдер қарастырып отырмыз. Мұнда Түркі ескерткіштерінің географиялық бейнелеуі басқалардан ерекшелеу, оларда топонимдер әскери жорық маршруты бойынша «төрт бұлұңға» бөліп орналастырылған болатын.

Шантұң язы. Шантұң жазығы қазіргі Хэбэй жазығын меңзесе керек. «Шантұңның» қытайша мағынасы «таудың шығысы», ал «Шантұң» жазығы Тайханшань тауының шығысындағы жазықты немесе қазіргі Хэбэй жазығын меңзейді, бірсыпыра ғалымдар оны қазіргі «Шаньдун» провинциясы тұрған жер деп жүр.

Қадырқан йыш туралы Күлтегін ескерткішінде түркологтардың зерттеуінше, «Қадырқан йыш» қазіргі Үлкен Хинган тауы. Түркі ескерткіштерінде Қадырқан мен қатар Өтүкен тауы аталады. Өтүкен тауы Тыва республикасының солтүстік батысында. Күлтегіннің Түркештерге қарсы шайқасында Алтұн йыш (КТ636), Ертіс өгүз (КТ637), Болчу (КТ637), Табар (КТ638), Йінчү өгүз (КТ639), Кеңрес (КТ639), т.б. топонимдер, этнонимдер кездеседі. Алтын йыштың қазіргі Алтай тауы екенін, Ертіс өгүздің қазіргі Ертіс өзені екенін түркологтар бірауыздан құптайды. Болчу, Табар, Йінчү, өгүз, Кеңрес жөнінде түркологтардың тұжырымы алуан түрлі [9, 259-б.].

Табар. Болчұдағы шайқастан кейін, қара түркеш халқын Табарда қондырады. Күлтегін ескерткішінде осы жер өшкін болғандықтан, С.Е. Малов осы топонимді жақшаның ішіне жазады (КТ638). Ю.А. Зуев осы топонимді Талас деп жаңғыртады. Түркі руникасында «б» мен «л», «р» мен «с» әріптерінің пішіні ұқсастау болғандықтан, Зуев реконструкциясын дұрыс-бұрыстығын қайта қарау керек. Өйткені түп нұсқада осы руникалар айна қатесіз «Табар» деп жазулы тұр.

Йінчү өгүз. Осыдан соң Көк түріктер Йінчү өгүзді кешіп, Темір қапығқа дейін барады. Ғалымдар бірауыздан Йінчү өгізді Сырдария деп кесім жасайды.

Таң патшалығы дәуірінде, қытай деректерінде, қазіргі Нарын өзенін Йінчү өгіз деп атады. «Таң патшалығының жаңа тарихы. География баянында» Цзя Данның Кучаның батыс солтүстігіндегі елдер туралы жазған мынадай дерегі бар: «Ансиден (Кучадан) батысқа қарай Чәкүр қамалынан жолға шыққаннан кейін Баймахэ езенінен (Ақсу өзені) өтіп, одан әрі қарай 180 ли жол жүрген кезде Куйбило шөліне жетуге болады ... 30 шақырым жүрген соң Йінчү өзенінен өтеміз ... Ыстықкөлге жеткен соң 80 шақырым жүрсек таудан шығып Шу алабына ілінеміз, 80 шақырым басып Баласағұнға, одан батысқа қарай тағы 40 шақырым жүріп Суяб қаласына жетеміз, қаланың солтүстігінде Шу өзені ағып жатыр, өзеннің солтүстігінде 40 шақырым жерде Цзедань тауы бар, он оқ қағандары әр рет осы тауда елағаларын сайлайды. Суябтан батысқа 10 шақырым жүрсек Пенжикентке (Мигочэн) жетеміз». Аталмыш Йінчү өзені туралы «Таң патшалығының жаңа тарихы. Батыс өңір баяны» Шаш елі тарауында: «оңтүстік батысында Яксарт өзені бар, қытай жеріндегі бөлігі Йінчү өзені деп аталады, осы өзен Чжи (Сыр) өзені деп те аталады» делінген.

Орталық Азиядағы жер-су аттарының бірнеше аталымы болған, тек Сейхун деген өзеннен бірнешеуі бар.

«Таң патшалығының жаңа тарихы. География баяны» 40 бумасында: «Чэлин асуынан асқан соң Кеңүт қаласына жетеміз. Сейхун өзені мен Чжэшими қаласын басып, Іле өзенінен өткен соң (Іле өзенінің тағы бір аты Диди өзені), Суяб шекарасына аяғымыз ілінеді. Батысқа мың шақырым жүрсек Суяб қаласына жетеміз, (осы арадағы) өзен солтүстікке ағып құмға және Ибо теңізіне құяды». Мәтіндегі Сейхун өзені қазіргі Іле өзенінің жоғары ағарындағы Қас өзенін меңзейді. Махмұд Қашқарида аталмыш өзен «Қаз суы» деп аталады [9, 261-б.].

Жоғарыдағы деректерге сүйенсек Түркі ескерткіштеріндегі Йінчү өгүзі Йафинч өзенін меңзейді. Түріктер Сырдарияға жорық жасамаған, Сырдария қытай деректері «Суй шу» («Суй

патшапығының тарихы») мен «Синь Тан шуда» («Жаңа Таңнама») «Яо ша шуй» деп хатталған, бұл әрине Яксарттың дыбыстық аудармасы.

Жоғарыдағы деректерге талдау жасасақ, Түркі ескерткіштеріндегі «Йінчү өгүзі» қазіргі Іле өзенінің батысындағы бір өзен деген қорытындыға келеміз [9, 262-б.].

Қорытындылайтын болсақ, ежелгі түркілер мекендеген аймақтар геоморфологиялық құрылым және табиғи ландшафт тұрғысынан әртүрлі болып келеді. Мұның өзі түркі көшпенділерін отырықшы қауымдармен үздіксіз байланыста болуға итермеледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. – М.;Л.: АН СССР,1950. – Т. 1. – 381 с.
2. Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.
3. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: Астрель, 2010. – 575 с.
4. Историко-культурный Атлас казахского народа/ отв. ред. ... Л.Е. Масанова, Б.Т. Жанаев. – Алматы: Print-S, 2011. – 300 с.
5. Қазақстан табиғаты. Энциклопедия / бас ред. Б. Аяған. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2008. – Т. 1.– 392 б.
6. Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны.– Алматы: Қазақ Университеті, 2015. – 192 б.
7. Климат Казахстана. под ред. Утешева А.С. – Л.: Гидрометеоздат, 1959. – 360 с.
8. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. Саяхатнамалар мен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар.– Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Т. 1. – 396 б.
9. Кенжеахмет Н. Ежелгі түркі (Орхон) ескерткіштеріндегі топонимдер // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 2009. – № 1 (268). – Б. 257-267.

МАЗМҰНЫ

Абдимомынов Н.Т.	
АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (1242-1269 жж.).....	8
Алдажұманов Қ.С.	
СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫ АЗЫҚ-ТҮЛКІПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ КАРТОЧКА ЖҮЙЕСІ (1941-1945).....	20
Алмагамбетова А.М.	
1959-1970 ЖЖ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АНАЛИЗЫ.....	28
Алпысбес М.	
ЖАҒАНДАНУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ХАЛЫҚТАР БІРЛІГІН НЫҒАЙТУДАҒЫ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТАРИХ МҰРАЛАРЫ.....	37
Асанова С.А.	
ТАРИХИ ӘНГІМЕ-ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ.....	48
Әбділдабекова А.М.	
XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ОТАРЛЫҚ КЕЗЕҢДІ БАҒАЛАУ ...	53
Әбжанов Х.	
АКАДЕМИКТІҢ АМАНАТЫ.....	58
Әбубәкірова Ә.П.	
ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ШЕКАРАЛЫҚ КЕЛІССӨЗДЕР МӘСЕЛЕСІ.....	64
Әділжанов Н.	
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: ФОРМАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТТІК ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ (ТАРИХИ-САЯСИ АСПЕКТІ).....	72
Баудиярова К.Б.	
ОТБАСЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН АНЫҚТАУДАҒЫ ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР.....	82
Егізбаева М.Қ., Бейсегулова А.Қ.	
ӨЗБЕК ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИЕТІ.....	89
Жайлыбаев Д.Ж.	
ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ ЖАЗЫЛҒАН ЕҢБЕКТЕР.....	95
Жакин М.С.	
БӨРІ БАТЫР: АҢЫЗ ЖӘНЕ ДЕРЕК (сыни талдау тәжірибесі).....	99
Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Байдавлетова М.Д.	
ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР.....	113
Жетписбаев А.О.	
XIX-XX ҒҒ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ: ХАЛЫҚ САНАҒЫ: ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....	122
Искакова Ғ.З., Байдавлетова М.Д.	
ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫ МЕКЕН ЕТКЕН ТЕРРИТОРИЯНЫҢ ТАБИҒИ ЛАНДШАФТЫ (VI-X ҒҒ.).....	131
Кабдушев Б.Ж., Кабдушева Л.Ж.	
ҚАЗАҚСТАНҒА АРНАЙЫ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ.....	138
Кариев Е.М.	
ЕУРАЗИЯ КӨНЕ ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ БАСТАУЛАРЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРАСЫ (ерте темір дәуірі және қазіргі заман).....	144
Каринбаев Ж.Ә.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЕЛОРУС ЭТНОСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ: ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН БҮГІНІ.....	152
Картаева Т.Е., Оралбай Е.	
ҚҰДЫҚ ҚАЗУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚҰДЫҚ ТҮРЛЕРІ (АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША).....	163
Кәрібаев Б.Б.	
XV Ғ. СОҢЫ МЕН XVI Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	180
Кәрібаев Б.Б., Ноғайбаева М.С.	
XV Ғ. I ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ӘБІЛҚАЙЫР ХАНДЫҒЫНЫҢ ТАРИХЫНАН.....	186
Қозғамбаева Г.Б.	
ҰЛЫ ҒАЛЫМ, ГЕОЛОГ – ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ.....	193

Қозғамбаева Г.Б., Бейсегулова А.Қ. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ МУЗЕЙІ.....	198
Қозыбақова Ф.А. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НАРЫҚ МЕХАНИЗМІНІҢ СОҢҒЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІНЕ ҚАРСЫ СТАЛИНДІК ЭКСТРЕМИСТІК САЯСАТ.....	206
Қозыбақова Ф.А., Рвайдарова Г.О. 1921-1922 ЖЖ. ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖЕР-СУ РЕФОРМАСЫНА ЖАҢА КӨЗҚАРАС.....	214
Майданали З. ИМПЕРИЯЛЫҚ КОНФЕДЕРАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ БІРЛЕСТІКТЕРІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР).....	222
Махаева А.Ш., Чаргынова Г.О. ШЫҒЫС ТҮРКІСТАНДАҒЫ XIX ҒАСЫРДЫҢ 60-70 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ САЯСИ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚЫРҒЫЗДАРҒА БЫҚПАЛЫ.....	227
Мухамадеев Т.М., Мухадеева И.А., Капбасова Д.С. Н. НАЗАРБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАУІПСІЗДІГІ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВТІЛІГІНІҢ ФЛАГМАНЫ РЕТІНДЕ.....	239
Мұсағалиева А.С. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ "АЛЖИР" ӘЙЕЛДЕР ЛАГЕРІНІҢ ТАРИХЫ: ТАРИХНАМА ЖӘНЕ МҰРАҒАТТЫҚ ДЕРЕКТЕР.....	245
Нұртазина Н.Д. VIII-X ҒҒ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА ТҮРКІ КӨШПЕЛІ ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАППАЙ ДАҒДАРЫСЫ ТУРАЛЫ.....	255
Нұртазина Н.Д. ҚАЗАҚСТАНДА ИСЛАМ ДІНІНІҢ ТАРАЛУЫ ФЕНОМЕНІНЕ ЖАҢА КӨЗҚАРАС.....	260
Нұртазина Н.Д. ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ТАРИХЫ: ДІНДЕР, МӘДЕНИЕТТЕР, БАЙЛАНЫСТАР.....	266
Омарбеков Т.О. АЛТЫН ОРДА ХАНЫ ТОҚТАМЫСТЫҢ МӘСКЕУГЕ ЖОРЫҒЫ.....	272
Өтепова Г.Е. VIII Ғ. - XX Ғ. БАСЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ЗАҢНАМАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН.....	280
Өтепова Г.Е. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ XIX ҒАСЫРДАҒЫ ПАТША ЗАҢНАМАСЫ.....	288
Өтепова Г.Е. СІБІР КОМИТЕТІНІҢ МӘЛІМЕТТЕРІ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	297
Раздыков С.З. СУБЭТНОСТЫҚ МӘДЕНИЕТ – ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕСКІ ДӘСТҮРДІ ҰСТАНУШЫЛАРЫ.....	303
Садвокасова А.К., Кошман Т.В., Ракишева Б.И. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ, КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТАРИХЫ, АСА ҮЛКЕН ЭТНОСТАР ТАРИХЫН ҚОСА АЛҒАНДА: НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР.....	316
Сайлан Б., Раушанбек Б. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІНДЕГІ БАТЫРЛАР ОБРАЗЫ.....	330
Сайлан Б. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ УКРАИНАНЫ АЗАТ ЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ МЕН ЕРЛІКТЕРІ.....	335
Сыздықов С.М. «МӨҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ: САЯСИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ.....	340
Тасилова Н.А., Қозғамбаева Г. «ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ...» - ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ.....	345
Телеуова Э.Т. ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	351
Телеуова Э.Т. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ӘДЕТТІК ҚҰҚЫҚ ТАРИХЫНАН.....	355
Толенова З.М., Кубеев Р.Д. АКАДЕМИК М.К. ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ: ЖАҢА ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ.....	360

Удербасева С.К.	
ОРЫНБОР ҒЫЛЫМИ МҰРАҒАТ КОМИССИЯСЫНЫҢ «ЕҢБЕКТЕР» ЖИНАҒЫНДЫҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ.....	365
Удербасева С.К.	
ТҮРКІСТАН ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫ ҚАЗАҚ ШЕНЕУЛІГІНІҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН ӨКІЛЕТТІЛІГІ.....	380
Ускенбай К.	
АҚ ОРДА: ҰЛЫС БІРЛЕСТІГІНЕН ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТКЕ.....	392
Ускенбай К.	
ДЕРЕККӨЗДЕРДЕГІ "ҚАЗАҚТАР" ЖӘНЕ "ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ" ТЕРМИНДЕРІ ТУРАЛЫ.....	396
Хабижанова Г.Б.	
ҚЫПШАҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РОЛІ.....	402
Хабижанова Г.Б., Сагинаева А.Н.	
XI-XIII ҒҒ. ҚЫПШАҚТАРДЫҢ ОРЫС КНЯЗДІКТЕРІМЕН САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫ.....	408
Шаймердинова Н.Г., Ярыгин С.А.	
ҒҰН-САРМАТ ДӘУІРІНДЕГІ ОРТА АЗИЯ КӨШПЕНДІЛЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ БИЛЕУШІЛЕРДІҢ ТАҢБАЛАРЫ.....	413
Шайхығалиев Е.А., Изтелеуова Л.И., Елюбаев Р.Б., Ержанов Р.Р.	
ЕРЕЙМЕНТАУ АУДАНЫНДАҒЫ ЖАҢА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ОБЪЕКТІЛЕРДІ АНЫҚТАУ МАҚСАТЫНДАҒЫ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ.....	422

СОДЕРЖАНИЕ

Абдимомынов Н.Т. А НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ (1242-1269 гг.).....	8
Алдажұманов Қ.С. С КАРТОЧНАЯ СИСТЕМА СНАБЖЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПРОДОВОЛЬСТВИЕМ В КАЗАХСТАНЕ В ВОЕННЫЕ ГОДЫ (1941-1945)	20
Алмагамбетова А.М. ИСТОРИКО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ КАЗАХСТАНА ЗА 1959 – 1970 ГГ.....	28
Алпысбес М. ДУХОВНОЕ И КУЛЬТУРНОЕ ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ ТЮРКСКОГО МИРА В УКРЕПЛЕНИИ ЕДИНСТВА НАРОДОВ В ПРОЦЕССЕ ГЛОБАЛИЗАЦИИ.....	37
Асанова С.А. ИСТОРИЧЕСКИЙ НАРРАТИВ - ИСТОЧНИК ИДЕНТИЧНОСТИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ.....	48
Әбділдабекова А.М. ОЦЕНКА КОЛОНИАЛЬНОГО ПЕРИОДА В ТРУДАХ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА.....	53
Әбжанов Х. АМАНАТ АКАДЕМИКА.....	58
Әбубәкірова Ә.П. ПРОБЛЕМЫ И ИТОГИ ПЕРЕГОВОРОВ ПО ФОРМИРОВАНИЮ КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКОЙ ГРАНИЦЫ...64	
Әділжанов Н. ДЕМОКРАТИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ: КАК ФОРМАЦИОННОЕ И ЦИВИЛИЗАЦИОННОЕ ЯВЛЕНИЕ (ИСТОРИКО-ПОЛИТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ).....	72
Баудиярова К.Б. МЕТОДЫ ИССЛЕДОВАНИЯ СТАБИЛЬНОСТИ СЕМЬИ.....	82
Егізбаева М.Қ., Бейсеғұлова А.Қ. ЭТНОКУЛЬТУРА УЗБЕКСКИХ И КАРАКАЛПАКСКИХ НАРОДОВ.....	89
Жайлыбаев Д.Ж. ДОРЕВОЛЮЦИОННЫЕ ТРУДЫ ОБ ОБЫЧНОМ ПРАВЕ КАЗАХОВ.....	95
Жакин М.С. БОРИ БАТЫР: МИФ И ФАКТ (опыт критического анализа).....	99
Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Байдавлетова М.Д. ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	113
Жетписбаев А.О. ОСНОВНЫЕ ЭТАПЫ ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ИЗМЕНЕНИЙ В КАЗАХСТАНЕ В XIX-XX ВВ.: ПО МАТЕРИАЛАМ ПЕРЕПИСЕЙ НАСЕЛЕНИЯ.....	122
Искакова Ғ.З., Байдавлетова М.Д. ПРИРОДНЫЙ ЛАНДШАФТ ТЕРРИТОРИИ НАСЕЛЕННЫЙ ТЮРКСКИМИ ПЛЕМЕНАМИ (VI-X ВВ.).....	131
Кабдушев Б.Ж., Кабдушева Л.Ж. НАСИЛЬСТВЕННАЯ ДЕПОРТАЦИЯ В КАЗАХСТАН.....	138
Кариев Е.М. ИСТОКИ И КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ ЕВРАЗИИ (ранний железный век и современность).....	144
Каринбаев Ж.Ә. ПРЕДСТАВИТЕЛИ БЕЛОРУССКОГО ЭТНОСА В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ И НАСТОЯЩЕЕ.....	152
Картаева Т.Е., Оралбай Е. РАЗВИТИЕ КОЛОДЕЗНОГО ДЕЛА И ЕГО РАЗНОВИДНОСТИ (ПО МАТЕРИАЛАМ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОГРАФИИ).....	163
Кәрібаев Б.Б. ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В КОНЦЕ XV- НАЧАЛЕ XVI ВВ.....	180
Кәрібаев Б.Б., Ноғайбаева М.С. ИЗ ИСТОРИИ ХАНСТВА АБУЛХАЙЫРА В I-ПОЛОВИНЫ XV ВЕКА.....	186
Қозғамбаева Ғ.Б. ВЫДАЮЩИЙСЯ ГЕОЛОГ И УЧЕНЫЙ КАНЫШ ИМАНТАЙУЛЫ САТБАЕВ.....	193

Қозғамбаева Г.Б., Бейсеғулова А.Қ. МУЗЕЙ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ Г. ШЫМКЕНТ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	198
Қозыбақова Ф.А. ЭКСТРЕМИСТСКАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА ПО ЛИКВИДАЦИИ ПОСЛЕДНИХ ЭЛЕМЕНТОВ МЕХАНИЗМА РЫНКА В КАЗАХСТАНЕ.....	206
Қозыбақова Ф.А., Рвайдарова Г.О. 1921-1922 гг. НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА ПРОВОДИМУЮ ЗЕМЕЛЬНО-ВОДНУЮ РЕФОРМУ.....	214
Майданали З. ИМПЕРСКИЕ КОНФЕДЕРАЦИИ И КОЧЕВЫЕ ОБЪЕДИНЕНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (ИСТОРИОГРАФИЯ ПРОБЛЕМЫ).....	222
Махаева А.Ш., Чаргынова Г.О. ВЛИЯНИЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ В ВОСТОЧНОМ ТУРКЕСТАНЕ В 60-70 ГГ. XIX ВЕКА НА КАЗАХОВ И КЫРГЫЗОВ.....	227
Мухаммадеев Т.М., Мухадеева И.А., Капбасова Д.С. ТРУДЫ Н. НАЗАРБАЕВА КАК ФЛАГМАНА ГОСУДАРСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ, СОТРУДНИЧЕСТВА И ПЕРСПЕКТИВНОСТИ КАЗАХСТАНА.....	239
Мұсағалиева А.С. ИСТОРИЯ ЖЕНСКОГО ЛАГЕРЯ "АЛЖИР" В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИОГРАФИЯ И АРХИВНЫЕ ДАННЫЕ.....	245
Нұртазина Н.Д. О СИСТЕМНОМ КРИЗИСЕ ТЮРКСКОГО КОЧЕВОГО ОБЩЕСТВА ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В КОНЦЕ VIII-X ВВ.....	255
Нұртазина Н.Д. НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА ФЕНОМЕН ИСЛАМИЗАЦИИ КАЗАХСТАНА.....	260
Нұртазина Н.Д. ДРЕВНЯЯ ИСТОРИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: РЕЛИГИИ, КУЛЬТУРЫ, КОНТАКТЫ.....	266
Омарбеков Т.О. ПОХОД ХАНА ЗОЛОТОЙ ОРДЫ ТОХТАМЫША НА МОСКВУ.....	272
Өтепова Г.Е. ИЗ ОПЫТА ИЗУЧЕНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ ИСТОЧНИКОВ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА VIII-НАЧАЛА XX ВЕКА.....	280
Өтепова Г.Е. ЦАРСКОЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО XIX ВЕКА О ЗЕМЕЛЬНОМ ВОПРОСЕ В КАЗАХСТАНЕ.....	288
Өтепова Г.Е. МАТЕРИАЛЫ СИБИРСКОГО КОМИТЕТА КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В СОСТАВЕ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ.....	297
Раздыков С.З. СУБЭТНИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА - СТАРОВЕРЫ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....	303
Садвокасова А.К., Кошман Т.В., Ракишева Б.И. ИСТОРИЯ МЕЖЭТНИЧЕСКИХ, МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН, ВКЛЮЧАЯ ИСТОРИЮ НАИБОЛЕЕ КРУПНЫХ ЭТНОСОВ: ОСНОВНЫЕ ИТОГИ.....	316
Сайлан Б., Раушанбек Б. ОБРАЗ ГЕРОЕВ В ВОЕННОМ ИСКУССТВЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	330
Сайлан Б. ПОДВИГИ ГЕРОИЗМ КАЗАХСТАНЦЕВ В БОРЬБЕ ЗА ОСВОБОЖДЕНИЕ УКРАИНЫ.....	335
Сыздықов С.М. ИДЕЯ "МӘҢГІЛІК ЕЛ": ПОЛИТИКО-ФИЛОСОФСКИЕ ОСНОВЫ И ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ.....	340
Тасилова Н.А., Қозғамбаева Г. «МАТЕРИАЛЫ ПО КИРГИЗСКОМУ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЮ...» КАК ИСТОЧНИК ПО ХОЗЯЙСТВЕННО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСКИХ ХОЗЯЙСТВ.....	345
Телеуова Э.Т. СОЦИАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ В ТРАДИЦИОННОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ.....	351
Телеуова Э.Т. ИЗ ИСТОРИИ ОБЫЧНОГО ПРАВО КОЧЕВНИКОВ.....	355
Толенова З.М., Кубеев Р.Д. ВКЛАД АКАДЕМИКА М.К. КОЗЫБАЕВА В ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИЧЕСКИХ ЛИЧНОСТЕЙ: НОВОЕ И ТРАДИЦИОННОЕ.....	360

Удербасева С.К. ОТРАЖЕНИЕ ИСТОРИИ КОЧЕВЫХ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В «ТРУДАХ» ОРЕНБУРГСКОЙ УЧЕНОЙ АРХИВНОЙ КОМИССИИ.....	365
Удербасева С.К. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОЛНОМОЧИЯ КАЗАХСКОГО ЧИНОВНИЧЕСТВА ТУРКЕСТАНСКОГО ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРСТВА.....	380
Ускенбай К. АК-ОРДА: ОТ УЛУСНОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ К НЕЗАВИСИМОМУ ГОСУДАРСТВУ	392
Ускенбай К. О ТЕРМИНАХ «КАЗАХИ» И «КАЗАХСКОЕ ГОСУДАРСТВО» В ИСТОЧНИКАХ.....	396
Хабижанова Г.Б. КИПЧАКИ И ИХ РОЛЬ В ФОРМИРОВАНИИ КАЗАХСКИХ ПЛЕМЕН.....	402
Хабижанова Г.Б., Сагинаева А.Н. ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И КУЛЬТУРНЫЕ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ КЫПЧАКОВ С РУССКИМИ КНЯЖЕСТВАМИ В XI-XIII ВВ.....	408
Шаймердинова Н.Г., Ярыгин С.А. СИМВОЛЫ ВЛАСТИ В КУЛЬТУРЕ КОЧЕВНИКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ ГУННО-САРМАТСКОГО ВРЕМЕНИ.....	413
Шайхыгалиев Е.А., Изтелеуова Л.И., Елюбаев Р.Б., Ержанов Р.Р. АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ РАЗВЕДОЧНЫЕ РАБОТЫ ПО ВЫЯВЛЕНИЮ НОВЫХ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ОБЪЕКТОВ ЕРЕЙМЕНТАУСКОГО РАЙОНА.....	422

CONTENTS

Abdimomynov N.T. SOME PROBLEMS OF THE POLITICAL HISTORY OF THE GOLDEN HORDE (1240-1269).....	8
Aldazhumanov K.S. CARD SYSTEM IN PROVIDING FOOD TO THE POPULATION OF KAZAKHSTAN DURING THE WAR (1941-1945).....	20
Almagambetova A.M. HISTORICAL AND DEMOGRAPHIC ANALYSIS OF TURKIC PEOPLES OF KAZAKHSTAN FOR 1959 - 1970.....	28
Alpisbes M. HERITAGE OF SPIRITUAL AND CULTURAL HISTORY OF THE TURKIC WORLD IN STRENGTHENING THE UNITY OF PEOPLES IN THE PROCESS OF GLOBALIZATION.....	37
Asanova S.A. HISTORICAL NARRATIVE - THE SOURCE OF IDENTITY IN MODERN KAZAKHSTAN.....	48
Abdildabekova A.M. EVALUATION OF THE COLONIAL PERIOD IN THE WORKS OF THE KAZAKH INTELLIGENTSIA OF EARLY XX CENTURY.....	53
Abzhanov Kh. ACADEMICIANS TRUST.....	58
Abubakirova A.P. PROBLEMS AND RESULTS OF NEGOTIATIONS ON FORMATION OF THE KAZAKHSTAN-CHINESE BORDER.....	64
Adilzhanov N. DEMOCRATIC TRENDS: AS A FORMATIVE AND CIVILIZATIONAL PHENOMENON (HISTORICAL AND POLITICAL ASPECT).....	72
Baudiyarova K.B. RESEARCH METHODS OF STABILITY OF THE FAMILY.....	82
Yegizbaeva M.K., Beisegulova A.K. ETHNO-CULTURE OF THE UZBEK AND KARAKALPAK PEOPLES.....	89
Zhailybayev D.Zh. PREREVOLUTIONARY PROCEEDINGS OF CUSTOMARY LAW KAZAKHS.....	95
Zhakin M.S. BORI BATYR: MYTH AND FACT (critical analysis experience).....	99
Zhappasov Zh.E., Tasilova N.A., Baydavletova M.D. SOURCES ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN AND CENTRAL ASIA.....	113
Zhetpisbayev A.O. THE MAIN STAGES OF ETHNODEMOGRAPHIC CHANGES IN KAZAKHSTAN IN 19th - 20th CENTURIES: BASED ON THE POPULATION CENSUS MATERIALS.....	122
Iskakova G.Z., Baydavletova M.D. THE NATURAL LANDSCAPE OF THE TERRITORY INHABITED BY TURKIC TRIBES (VI-X CENTURIES.).....	131
Kabdushev B.Zh., Kabdusheva L.Zh. THE FORCED DEPORTATION IN KAZAKHSTAN.....	138
Kariyev Y.M. THE ORIGINS AND CULTURAL HERITAGE OF THE ANCIENT TURKIC CIVILIZATION OF EURASIA (early iron age and the present).....	144
Karinbayev Zh.A. REPRESENTATIVES OF THE BELORUSSIAN ETHNOS IN KAZAKHSTAN: HISTORY OF FORMATION AND CURRENT STATUS.....	152
Kartaeva T.E., Oralbai Y. THE DEVELOPMENT OF BUSINESS IN THE WELL AND ITS VARIANTS (MATERIALS OF ARCHEOLOGY AND ETHNOGRAPHY).....	163
Karibaev B.B. THE PROBLEMS OF THE HISTORY OF KAZAKH KHANATE AT THE END OF XV- IN THE BEGINNING OF XVI CENTURIES.....	180
Karybaev B.B., Nogaibayeva M. FROM THE HISTORY OF THE KHANATE ABULKAYYR IN THE I-HALF OF THE XV CENTURY.....	186

Kozgambaeva G.B. OUSTANDING GEOLOG VERSUS SCIENTIST KANYSH IMANTAEVICH SATBAYEV.....	193
Kozgambayeva G.B., Beisegulova A.K. MUSEUM OF VICTIMS OF POLITICAL REPRESSION IN SHYMKENT, SOUTH KAZAKHSTAN REGION.....	198
Kozybakova F.A. EXTREMIST POLITICS OF STALIN AGAINST LAST ELEMENTS OF MARKET MECHANISM IN KAZAKHSTAN.....	206
Kozybakova F.A., Rvaydarova G.O. 1921-1922 A NEW APPROACH TO THE LAND AND WATER REFORM CARRIED OUT.....	214
Maydanali Z. IMPERIAL CONFEDERATIONS AND NOMADIC ASSOCIATIONS OF CENTRAL ASIA (HISTORIOGRAPHY OF PROBLEM).....	222
Mahaeva A.Sh., Chargynova G.O. EFFECT OF POLITICAL PROCESSES IN EAST TURKESTAN IN 60-70 YEARS. XIX CENTURY IN THE KAZAKHS AND KYRGYZ.....	227
Mukhamadeev T.M., Mukhadeeva I.A., Kapbasova D.S. WORKS OF N. NAZARBAYEV AS A FLAGSHIP OF STATE SECURITY, COOPERATION AND PROSPECTS OF KAZAKHSTAN.....	239
Musagalieva A.S. HISTORY OF THE WOMEN'S CAMP "ALGERIA" IN NORTHERN KAZAKHSTAN: HISTORIOGRAPHY AND ARCHIVAL DATA.....	245
Nurtazina N.D. ON THE SYSTEMATIC CRISIS OF THE TURKIC NOMADIC SOCIETY OF CENTRAL ASIA AT THE END OF VIII-X CENTURIES.....	255
Nurtazina N.D. A NEW APPROACH TO THE PHENOMENON OF ISLAMIZATION OF KAZAKHSTAN.....	260
Nurtazina N.D. HISTORY OF ANCIENT CENTRAL ASIA: RELIGIONS, CULTURES, CONTACTS.....	266
Omarbekov T.O. CAMPAIGN OF GOLDEN HORDE KHAN TOKHTAMYSH TO MOSCOW.....	272
Otepova G.E. FROM THE EXPERIENCE OF STUDYING LEGISLATIVE SOURCES ON THE HISTORY OF KAZAKHSTAN VIII-EARLY XX CENTURY.....	280
Otepova G.E. TSARIST LEGISLATION OF THE XIX CENTURY ON THE LAND ISSUE IN KAZAKHSTAN.....	288
Otepova G.E. PROCEEDINGS OF THE SIBERIAN COMMITTEE, AS A SOURCE FOR STUDYING THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN THE RUSSIAN EMPIRE.....	297
Razdykov S. SUBETHNIC CULTURE - OLD BELIEVERS OF THE EASTERN KAZAKHSTAN.....	303
Sadvokassova A., Koshman T., Rakisheva B. HISTORY OF INTER-ETHNIC, INTER-RELIGIOUS RELATIONS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, INCLUDING THE HISTORY OF THE LARGEST ETHNIC GROUPS: THE MAIN OUTCOMES.....	316
Sailan B., Raushanbek B. THE HEROES CHARACTER IN MILITARY ART OF THE KAZAKH NATION.....	330
Sailan B. HEROISM OF KAZAKHSTAN CITIZENS IN FIGHT FOR INDEPENDENCE OF UKRAINE.....	335
Syzdykov S.M. THE IDEA OF " MANGILIK EL": POLITICAL AND PHILOSOPHICAL FOUNDATIONS AND HISTORICAL CONTINUITY.....	340
Tasilova N.A., Kozgambaeva G. "MATERIALS ABOUT KYRGYZ LAND USE ..." AS THE SOURCE ON HOUSEHOLD-ECONOMICAL HISTORY OF KAZAKH ECONOMY.....	345
Teleuova E. SOCIAL FEATURES ARE IN TRADITIONAL CIVILIZATION.....	351
Teleuova E. FROM HISTORY OF NOMADIC CUSTOMARY LAW.....	355

Tolenova Z.M., Kubeyev R.D. THE CONTRIBUTION OF THE ACADEMICIAN M.K. KOZYBAYEV IN HISTORICAL FIGURES STUDIES: THE NEW AND THE TRADITIONAL.....	360
Uderbaeva S.K. REFLECTION OF THE HISTORY OF THE NOMADIC PEOPLES OF CENTRAL ASIA IN THE "PROCEEDINGS" OF THE ORENBURG SCIENTIFIC ARCHIVAL COMMISSION.....	365
Uderbaeva S.K. ACTIVITIES AND POWERS OF KAZAKH OFFICIALS TURKESTAN GOVERNOR-GENERAL.....	380
Uskenbai K. AK-ORDA: FROM A ULUS ASSOCIATION TO AN INDEPENDENT STATE.....	392
Uskenbai K. ABOUT THE TERMS "KAZAKHS" AND "KAZAKH STATE" IN THE SOURCES.....	396
Habizhanova G.B. KIPCHAKS ROLE IN KAZAKH TRIBES FORMATION.....	402
Khabizhanova G.B., Saginayeva A.N. TRADE-ECONOMIC AND CULTURAL RELATIONS OF KIPCHAKS WITH THE RUSSIAN PRINCIPALITIES IN THE XI-XIII CENTURIES.....	408
Shaymerdenova N.G., Yaryghin S.A. SYMBOLS OF POWER IN THE CULTURE OF CENTRAL ASIAN NOMADS (HUN-SARMATIAN PERIOD).....	413
Shaikhygaliev E.A., Izteleuova L.I., Elyubaev R.B., Yerzhanov R.R. ARCHAEOLOGICAL PROSPECTING WORKS ON IDENTIFICATION OF NEW ARCHAEOLOGICAL OBJECTS OF EREYMENTAU DISTRICT.....	422

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2016. 4(8)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2016.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй